«Атырау облысы Білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «Жалпы білім беретін Талғайран негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Бұйрық №7

12.01.2022ж

Талғайран селосы
«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы»

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі-заң) 41-бабының 1,4,5-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ФЛК, тауарлық газды жеткізу, сумен жабдықтау және /немесе/ сарқынды суды бұру, жылу беру және су ысыту қызметтері жөніндегі Заңның 39-бабы 3-тармағының 1-тармақшасының негізінде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.
2. «Парус-Каз. Бюджет» бағдарламалық өнімі бойынша көрсетілген қызметтер құрамын сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге катысты айрықша құқықтары бар тұлғадан зияткерлік меншік обьектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі Заңның 39 бабы 3 тармағының 3-тармақшасының негізінде тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, сондай-ақ жауапкершілікті Заңның 41-бабының 4-тармағына сәйкес есепші Г.Жумагалиеваға жүктеймін.

Мектеп директоры: **А.У.Сарсенгалиев**